# ШЕШІМ
## Қазақстан Республикасының атынан

2024 жылғы 24 қыркүйек № 5501-24-00-2/2743 іс Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Төлембекова А.С., оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарап:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сот сараптамалары орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны

**ЖАУАПКЕР:**
Қанат Бүркітбайұлы Утепбергенов «МВС» жеке кәсіпкер

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:**
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

**ҚАРАР БӨЛІМІ:**

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сот сараптамалары орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қанат Бүркітбайұлы Утепбергенов «МВС» жеке кәсіпкерге мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

Қанат Бүркітбайұлы Утепбергенов «МВС» жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Қанат Бүркітбайұлы Утепбергенов «МВС» жеке кәсіпкерден мемлекеттің кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған

(жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

**Судья** **А.Төлембекова**

Құжатқа қол қойылған: Тюлембекова А. С., 24.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 04.11.2024, судья Тюлембекова А. С., 04.11.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство